**Сұлужон жалпы орта білім беру мектебі**
**Қамқоршылық кеңес отырысына**
**хаттама № 1 (көшірмесі)**

29.08.2020ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
9 қамқоршылық кеңесінің мүшелері
Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2020-2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру;
2 «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы;
3. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау;
4. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне 2020-2021 оқу жылында мектеп оқушыларының қашықтықтан оқуға бағытталған іс-шарамен таныстыру;

Тыңдалды:

- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Д.Мусалимова Қамқоршылық кеңес мүшелері 9 адамнан құралады деп, оларды атап өтті. Сондай – ақ Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес міндетінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызмет тиімділігі – бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі, - деп сөзін аяқтады.

- Екінші мәселе бойынша, ДТЖО Д.Жумадилова өз сөзінде «Сұлужон ЖОББМ-бінде 01.07.-30.09.2020 аралығында «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, өткізіліп жатқаны туралы айтты. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 шілде мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді. Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өтіп жатыр. Осы ауқымды іс-шараға бұйрық шығарылып, жоспары бекітілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықта ақпараттандыру, ауылымыздың көпшілік жерлеріне үндеу хаттар түрінде бұрыштар құрылып, шаруашылық қожалықтар мен ұйымдарға осы акцияға қатысу туралы хаттар шығарылып, таратылғандығы туралы айтты.

- Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, әлеуметтік педагог Ш.Тумарбекова сөзінде жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жүргізілді. Ең бірінші жартылай жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға барып, қай

баласы неге мұқтаж екендігін бақылап, содан кейін басқа да үйлерді араладық. Барлығына оқу құралдары, мектеп формасы, спорттық киімдері мен аяқ киімдер керектігі анықталды.

- Төртінші мәселе бойынша, мектеп директоры З.Х.Садвакасова «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы сөз қозғады. Биылғы жаңа оқу жылындағы республика бойынша мектеп оқушыларының қашықтықтан оқу мүмкіндігі бар екені туралы айтты. Аталған мәселе бойынша мұғалімдер қашықтықтан білім беру мазмұны бойынша біліктіліктерін арттыру курстарынан өткендігін баяндады. Ендігі кезекте бес күндік оқу аптасы туралы шешімді мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелерімен ата – аналар қоғамдық кеңес мүшелерімен келісе отырып қабылдайтынын айтты. Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнына жылдам серпіліс беріп, өзгерісті қажет ететінін айтып өтті.

Шешімі:

1.Қамқоршылық кеңес жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, жандандырылсын;

2.«Мектепке жол» акциясы қарсаңында аз қамтылған, жартылай жетім және көпбалалы отбасынан шыққа оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілермен жақын қарым – қатынас орнатылсын;

3.Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жұмысы жандандырылсын;

4.Мектепте 2020-2021 жаңа оқу жылында қашықтықтан оқу жүзеге асырылатын, осыған бағытталған іс-шаралар ата-ана қолдауымен орындалсын;

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Д.Мусалимова

Хатшы З.Ж.Ильдина

Мүшелері Ж.Пушпакова

Н.Бекебаева

Г.Мукатова

Н.Каликова

Г.Багиосва

Р.Ажибаев

Б.Айтмаханов

Ж.Кожабергенова

**Сұлужон жалпы орта білім беру мектебі**
**Қамқоршылық кеңес отырысына**
хаттама № 2 (көшірмесі)

31.10.2020ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
9 қамқоршылық кеңесінің мүшелері
Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мектеп кітапханасының жағдайы;
2. «Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акцияларының қорытындысы
3. Пандемия кезінде санитарлық талаптардық орындалуы;

Тыңдалды:

- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Ш.Тумарбекова сөз алды. Бізде мектепте жалпы кітаптар саны -2463, оқырмандар саны - 50 оқушы. Кітапханамызға оқушылар 15 минуттық үзілістерде келіп жатады, әсіресе бастауыш сынып оқушыларымен орта буындағы оқушылар. Олар ертегі кітаптар көп сұрайды, жоғарғы буындағы оқушылар елбасымыздың 12 сәуір 2017 жылы шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылғандай өзіміздің ұлттық салт – дәстүрімізді, тарихымызды, тілімізді, мәдениетімізді тереңірек білу үшін көптеген кітаптар сұрап келеді. Әрине бұл қуантарлық жағдай. Оқулықтарға келсек, барлық оқулық жеткілікті, біз кітаптарды сынып – сыныпқа бөлеген кезде, бірінші сол сыныптағы жартылай жетім, тұрмыс жағдайы төмен, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға беруін қадағалаймыз.

- Екінші мәселе бойынша ДТЖО Д.Т.Жумадилова өз сөзінде: Балалардың толық оқуға қамтылуын, оқу құралдары мен қамтамасыз ету мақсатында Сұлужон ЖОББМ. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 шілде мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді. Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өтті. Мүмкіндігінше қол ұшын беріп, түсіністікпен қараған әлеуметтік меценаттар өз көмектерін көрсетті. қыркүйек айында «Сарыарқа самалы» облыстық газетіне «Саналы ұрпақ ө жарқын болашақ» тақырыбында мақала жарық көрді. Мектебіміздегі

аз қамтылған, жартылай жетім, көпбалалы отбасы балаларына мектепке қажетті оқу құралдары, мектеп формасы, спорттық киім мен туфлилерін алып беріп демеушілік жасады. Жалпы мектеп бойынша акция кезінде 15 оқушыға 220000 екі жүз жиырма мың) теңге көлемінде көмек көрсетілді.

Сұлужон ауылы бойынша 0 – 18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің есебін жүргізу және кәмелетке толмағандардың тегін жалпы орта білімді алуға арналған конституциялық құқығын іске асыру мақсатында 2097 жылғы 15 тамыз – 15 қыркүйек аралығында жалпы оқу және «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы бойынша Сұлужон ЖОББМ-нде айлық жарияланып, іс – шаралар жоспары құрылып, жұмыс жүргізілді. Жалпыға бірдей оқумен қамту және «Қамқорлық» акциясы кезінде көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан 14 оқушыға 220000 (екі жүз жиырма мың) теңгеге мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формасы алынып берілгенін айтты.

-Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ДТЖО Д.Т.Жумадилова қазіргі таңда яғни пандемия кезінде мектепте барлық санитарлық талаптардың орындалып жатқаны туралы, мектепте керекті зарарсыздандыруға арналған құралдардың бар екендігі туралы айтып өтті.

Шешімі:

1. Кітапханадағы Елбасымыздың «Болашаққ бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына байланысты жасалған жұмыстар одан әрі жандандырылсын;
2. Жалпы республикалық «Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акцияларынан түскен қаржының жұмсалуы қанағаттанарлық деп танылсын;
3. Мектепте санитарлық талаптар уақытылы бақыланып отырсын;

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Д.Мусалимова
Хатшы З.Ж.Ильдина
Мүшелері Ж.Пушпакова
Н.Бекебаева
Г.Мукатова
Н.Каликова
Г.Багиосва
Р.Ажибаев
Б.Айтмаханов
Ж.Кожабергенова

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

ХАТТАМА № 3

«9» қараша 2020 ж.

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы
Төраға/төрайымның аты-жөні: Д. Мұхамедова
Хатшының аты-жөні: Г. Мұқанова
Қатысқандар: 9 адам
Күн тәртібінде:

1. Мектептің әлеуметтік картасымен таныстыру.
2. Облыс әкімінің жаңа жылдың шыршасына тіркеу туралы
3.
4.

Тыңдалды (аты-жөні, лауазымы, сөзінің қысқаша мазмұны)

1-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог М. Жәкесова сөз алды. Мектеп бойынша 40 оқушы. Оның ішінде аз қамтылған отбасынан – 5 оқушы, көп балалы отбасынан – 13 оқушы, толық емес отбасынан 3 оқушы.

Сөз алғандар(аты-жөні, лауазымы, сөзінің қысқаша мазмұны)

2-ші мәселе бойынша ДТЖО орынбасары Д. Жұмағұлова 2020 жылдың желтоқсан айында Павлодар қаласында ҚР Президенті, Павлодар облысының әкімі атынан Жаңа жылдың шыршалары өтеді. Шыршаға қатысушылар 5-13 жас аралығындағы статусы бар оқушылар екені айтылды. Осы мәселе бойынша кеңес отырысы 3 сынып оқушысы Нұрмахан Әкімет Марапатқызы көп балалы отбасынан және оқуда алғыр екені айтылып, ұсынылды

Қаулы

1. Әлеуметтік педагогтың есебі есепке алынсын.
2. Әлеуметтік топтағыларына байланысты көмек көрсетілсін.
3. Облыс әкімінің шыршасына 3 сынып оқушысы Нұрмахан Әкімет Марапатқызы тіркелсін.
4. Қамқоршылық – Л. Оспанова, әлеуметтік педагог М.Ж. Жәкесоваға жүктелсін.

Төраға/төрайым [signature] Д. Мұхамедова
Хатшы [signature] Г. Мұқанова